





тыrap
imanhanasy

Қонысбай Әбіл

"ЖЕТПІС ЖЕТИНІҢ" ЖІГІТТЕРІ







Қонысбай ӘБІЛ

**“ЖЕТПІС ЖЕТИНІҢ”
ЖІГІТТЕРІ**

повестер мен әңгімелер



Астана - 2001

ББК 84 Каз 7-4

Ә20

Әбіл Конысбай

Ә20 “Жетпіс жетінің” жігіттері: Повестер мен әңгімелер. – Астана: “Фолиант”, 2001. – 248 бет.

ISBN 9965-477-80-9

Онер сүйер қауымға айтыскерлігімен жақсы таныс халық ақыны Конысбай Әбілдің бұл жаңа жинағына “Жетпіс жетінің” жігіттері”, “Бастауыш сыныптың балалары” повестері мен әңгімелері толғастырылды. Сол секілді талғампаз қауымнан жоғары бағасын алған сыйқақ әңгімелер мен скетчтер, интермедиалары да енгізілді.

Кітаптың тақырыбы сан алуан, өзілге бай, оқиғасы тартымды, тілі жеңіл, қызығылықты оқылады.

Ә 4702250701
00(05)-01

ББК 84 Каз 7-4

ISBN 9965-477-80-9

© Әбіл Қ., 2001.
©“Фолиант”, 2001



Повесть



“ЖЕТПІС ЖЕТИНІҢ” ЖІГІТТЕРІ

*ҚазМУ-дың журналистика факультетін
1977 жылы бітірген курсас
достарыма арнаймын.
Автор*

Бұл ой менің басыма өуе алыбы “ТУ-154” лайнерінің ішінде қарақұсымды жұмсақ креслоның арқалығына тіреп, құлағымды мақтамен тығындалп алыш отырғанда оралыш еді.

“Алматыға ғой болса да күндіз барамын. Бір орынға бола өркімге бір жалынып, астананың қонақ үйлерін жағалап, табанымды тоздырғанша өзіміздің студент кездегі жатақханаңызға неге барып көрмеймін. Қазір жаз уақыты, онда кім бар дейсің. Студенттер сессияларын тапсырып та кеткен шығар, абитуриенттер келетін уақыт өлі болған жоқ. Комендант ауысып кеткен жағдайдың өзінде есік аузында отыратын апаларым аман болса, менің бір жетідей аунап-кунағанымды ауырсынар дейсің бе? Оның сыртында бес жыл қызықты сөттерімнің күесі болған құтты мекенімде бір болыш, баяғы “декан аралап жүр” дегенде көзді жұмыш, қойып кететін қыстарды көріп, өткен-кеткенді еске түсіргеннің өзі неге тұрады”.

Мен таксиден дәл жатақхана жанына келіп түсіп, жүктерімді жерге қойып, сөл аялдадым. Кешегі оқу бітіріп кеткен екі жыл аралығында біраз өгейсіп қалған секілдімін. Бұрын өз үйіме келгендей болыш, еркелей аштын есігімнің тұтқасын ұстауға да батылым жетпейтіндей. Маған көз қырын да салмастан кіріп-шығып жатқандардың бәрі бейтаныс жандар. Назар аударып қарай қалса “кемеден қалыш қойғандай болыш неге тұрсың” дейтіндей. Ал іште де таныс ешкім болмай шықса ше? Әлде осы күйде қалаға тартсам баекен? Әдайі келіп қалған соң не де болса кіріп шығайын деп шештім.

Күпті көнілмен босағадан аттап, бойымды тіктей бергенім сол еді:

— Боже мой, кого я вижу? Неужели это ты, голубчик?
— деген таныс дауысты естігенде тынысым кеңіп сала берді. Өзіміздің Зина апай. Анадайдан құшағын жайып келе жатқан осы бір мейірімді жанға мен де қарсы ұмтылдым.

— Прямо с дороги. Будто в свою родную хату! — арқамнан қағып қояды. Шындығында да, туган үйіме келгендей көнілім көтеріліп, манадан бергі күдіктерімнің бәрі жуылып-шайылып бара жатты. Зина апай жалғыз баласы армиядан келгендей айналып-үйіріліп, көркіме көз тойдыраш емес. Қазір қайдамын, жұмысым қалай, үйлендім бе, бәрін де сұрап үлгеріп жатыр. Кенет ойына әлдене түскендей:

— Любовь Петровна, а Любовь Петровна, вы даже не представляете, какой у нас гость! — деп сол жақтағы бірінші есікке қарай жүгіре жөнелді.

Сәлден кейін сыптай денесіне жарасымды етіп тігілген қоңыр түсті көйлек киген сымбатты келіншек жымия келіп қол ұсынды. Әлі сол жинақы қалпы. Мандайына етеп өжім жинала бастаған аялы көздері мейірім төге қарайды. Сәлден кейін үшеуміз қауқылдасып шай ішіп отырдық. Любовь Петровна менің “өз тілегім бойынша жатақханадан шығаруыңызды сұраймын” деп өтініш жазып әкелгенімді еске алды.

Иә, бірде менің бөлмемде екі жігіт жанжалдасып қалып, дәл сол кезде комендант кіріп келген. Біз ол екеуін ажыратқанша шығып та кетіпти.

Біраздан кейін Жетпіс деген жігіт көзі бақырайып жетіп келді де:

— Төменде комендант сендер туралы деканның атына рапорт жазып жатыр...

Сол жолы ғой жатақханадан шығару жайлы өтініш жазып әкелетінім.

— Өз тілегі бойынша жатақханадан шығуды сұраған студентті бірінші кездестіруім. Әлгі ауыр қылмысын жасырмак болып, ұсақ үрлік жасап сотталып кететіндер болады дегенді естуші едім, — деп рақаттана күлді.

— Жарайды енді қайталанса кешірім күтпендер, — деп өтінішімді қайтарып берген.

Зина апай менің тойға барған сайын өзіне арнап тәтті ала келетінімді өңгімеледі. Сөйтіп отырып уақыттың да қалай өтіп кеткенін аңғармаппыш.

Міне, алдында қолына бір бума кілт ұстаған комендант, жаңымда жүктегімді көтеріскең, қолына қызыл байлаған студенттер, артымда мәз-мәйрам Зина апай, шетелден келген қонақтай болып, сап түзеп, жоғарыға көтеріліп келеміз. “Қайда апарар екен?” — деп ойлаймын іштей. Бесінші қабатқа шығып, дәліз бойымен солға бұрылғанда жүрегім жиілеп соғып кетті. “Апымай...”

— Вот и приехали.

Любовь Петровнаның жымия қол созған есігіне жақын-дадым. Ақыры ойлағанымдай болып шықты... 54а... Сол... бес жыл бойы қуаныш-ренішіме куә болған құтты мекенім. Артыма бұрылып қарасам Зина апай да коменданттың иығына басын сүйеп, жымия қарап түр екен. Жаңа өзірде екеуінің жымындаса қалған сырын енді ұқтый. Менің толқыған түрімді байқады ма, олар жұмыс көптігін желеу етіп, сыйтылып шыға берді.

Бөлменің жақындағана жөндеуден өткені бірден байқалып түр. Едендері сырланып, қабырғалары мұқият өктелген. Балконның есігін шалқайта аштым да, жалаңаш диван, кереуеттердің біріне желкемді тарактаған күйі шалқалап жата кеттім. Басымды көтеріп бағдарлай қарасам, дәл өз орныма жатқан екенмін. Төрдегі кереует — Базылбектікі. Оны ойлауым мұң екен “көзілдірігімді көрдіңдер ме” деп сипалактап тұрып жатқаны көзге елестеп кетті. Ия, менің қалқан құлақ, ептең мақтау сүйгіш, ешкімге зияны жоқ, ак көніл досымның дәл өзі...

Базылбек

— Сен Қайсармысың? — деді амандық жоқ, саульық жоқ, бөлмеге жүгіре кірген арықша ұзын жігіт. Мұрнының үстіндегі шаңырақтай көзілдірігінің арғы жағынан көрінген көздері жыптылық-жыптылық етеді.

— Иә, менмін, — дедім сасып қалып. Сасқаным сол емес пе, орнынан атып тұрыптын.

— Э, онда отыра бер, отыра бер, — деді бейтаныс жігіт үлкен бір шаруа бітіргендей қолымен желпініп. — Ал мен Базылбекпін. Естуің бар шығар?

— Иә, естуім бар, білемін...

Жүрегім орнына тұсіп, женіл дем алдым.

— Мектептен келген шығарсың? — деді тағы да жұлып алғандай.

— Аха...

— А, қын ғой...

Менің тұсінбей қалғанымды аңғарып, тағы да қайталауды.

— Қын ғой, — деймін, — мектептен кейін оқуға тұсу қын ғой... Стаж жоқ... тәжірибе жоқ...

— Ал, өзіңіз ше, жұмыс істедіңіз бе?

— Мен үш жыл “Дала танында” жұмыс істедім, — деп дауысын көтере айтты.

— “Дала таңы” деп неге айтпайсыз?

Бір бұрышта кітап оқып отырған Төлеш әңгіме арасына қыстырыла кетті.

— ...“ң”-ға тілім келмейді...

Мен күлкіге булықтым да қалдым. Өйткені ол екінші рет “ң” өріпін өте анық айтты еді.

— Ал мен кеттім. Көрші бөлмедеміз, келіп тұр, тұсіп кетсек бірге боламыз ғой...

Келуі қандай жылдам болса, кетуі де сондай тез болды.

— Біздің Базекең қалай екен, ө? — деп бағанадан әңгімеге араласпай жатқан Манаш деген жігіт орнынан қарғып тұрды. Базылбек екеуі бір ауылдан. Менің танимын деп жатқаным да сол.

— Екеуміз анада аз күн пәтерде жаттық қой, — дейді ол қуақылана жымышп. — Ақшаны бірігіп жұмсайтынбыз. Көшеден ұсақтап өкелеміз де, стол үстіне санамастан тастай саламыз. Кім бұрын тұrsa сол қолға ілінген ақшаны алады да, жүре береді. “Сенікі, менікі” деген жоқ. Ағып жатқан су да біtedі, бір күні ақшамыз да таусылыңқырап қалды. Әлі есімде, ең сонында бір он сомдық, бір үш сомдық, бір өбден мыжылған бір сомдық қана қалған.

Бір күні таңертең үйқыдан оянсан, Базекең ақшаларды қолына ұстап, көзілдірігіне тигізе тексеріп тұр екен.

— Не істеп жатырсың? — дедім түкке тұсінбей.

— Жай, өншейін, мыналар менің ақшам екен...

Менің сенбегенімді байқаған соң:

— Міне мынаның шеті қылған, мынаның сиясы бар, танып тұрмын, — деп он сомдық пен үш сомдықтың ен таңбасын көрсете бастады.

— Ал бір сомдық ше? — дедім әдейі.

— Білмедім, — деді ол желкесін қасып. — Шамасы сенікі шығар...

Біз мәз болдық. Дәл осы кезде есікті теуіп ашып, үш жігіт кіріп келді. Әкелерінің үйіне келгендей талтандал, бізді қаға-маға өтті де кереуеттерге сұлай кетті. Бұлардың біздің жатаханада қонақ болып жүргендеріне көп болған. Ауылдан келген аңқау балаларды қорқытып арақ алғызады, тамақтарын тартып жейді. Іштерінде өз сөздерімен айтқанда “Мырзаш дейтін ұлы ақындары” бар. Қасындағы қара дәу бір нәрсе болса:

— Kisi өлтіруді қойып кетіп едім, әй. Амал жоқ тағы қолымды қандайтын болым-ау, — деп ақырып шыға келеді. Шындығында да, түрі әлем-тапырық болып бұзылып, көзі қанталап кетеді. Сосын оның бетіне кім қарсы келсін.

Мырзаш басын көтеріп, шекесін сығымдап отырды да:

— Сым үстінде бір қарға отыр еді.

Төбесінен топ торғай үшып өтті, — дей бергенде Төлеш:

— Үшып өтті, басына т... п өтті дегенді естігенбіз, — деп тойтарып таstadtы.

Мырзаш біз сұғып алғандай орнынан еліре атып түрегеліп, Төлешке қарай тұра ұмтылды.

Ол сасқанынан терезеге шығып кетті.

— Кет! — дейді аяғымен жасқап, — о несі-ей, мұрынбок, баламен байланысып...

Мырзаш өршеленіп қояр емес.

— Өлтіремін!

Қара дәу де басын шайқап қойып:

— Әй, амал жоқ... — деп тұрып келе жатқанда жанжалдан Базылбек оп-оңай құтқарды. Kire салысымен жағдайды түсіне қойған ол Төлештің аяғымен алысып жатқан Мырзаштың жанына барып, ұзын саусақтарының ұшымен көйлегінің жағасынан етеп қана ұстады.

Анау есін жиғанша:

— Мыналар шамасы мені танымайды-ау деймін? — деді Манашқа бұрылып.

— Бұл жерде спортты араластырып қажет не, Базеке. Бір ашуыңызды беріңіз, — деп ол шылауына орала кетті.

Жыны басыла қалған Мырзаш жылыстап кері шегінді. Енді бір байқасам бәрі де есікке барып қалған екен, соңдарында артына жалтақ-жалтақ қарап қойып, қара дөу кетіп барады.

Өзіміз оңаша қалған соң Манаштан:

— Базекең немене, бокспен айналыса ма? — деп едім.

— Оқуға түсіп кетсендер көресің ғой, — деп құпия жымиды.

Ақыры Манаштан басқаларымыздың жолымыз болыш түсіп те кеттік. Көп ұзамай Шелек ауданының “Құрам” деген сохозына темекі теруге аттандық. Темекі дегеннің бойы жүгерідей болғанымен бейнеті көп екен. Бойына тырмыса өскен жапырактардың өзін іріктеп, бірнеше рет жинау қажет. Бәрінен бұрын ұзындығын айтсаншы. Терлеген білегіне жапырағы тиіп кетсе болғаны, удай ашытып, көзіңден жас шығарады. Алғашқы күні-ақ терімге баратындардың басын қосып, шағын жиналыс өткізді.

— Жапырағын түгел жұлып тастамайсындар, тек түп жағынан бес-алтауын ғана іріктеп үзесіндер, — деп түсіндірген.

Санап істеген жұмыс өнуші ме еді, алғашқы кезде кешке дейін түк тындыра алмай жүрген күндеріміз болды. Ал жергілікті адамдарды машина дерсің. Біз оншакты қадам жүргенше, жабайы қабан секілді опыра-жапыра қатардың басынан бір-ақ шығады. Бірде-біреуі біздің тірлігімізді көріп, ішек-сілесі қатсын.

— Ой, баламысың деген. Біреу-екеулеп санап жүргендерің не, айналайындар-ау. Артық жапырак сындырсандар сотталып кетемін деп жүрсіндер ме, көне, былай тұрындар, түге!

Осыны айтты да темекі сабағының түбіне екі қолын тенденстіре ұстап, тәменге дейін бір-ақ сыптырды. Осы тәсілді үйрентінен кейін ғана біздің жұмысымыз да өне бастанды.

Базекең алғашқы күні-ақ:

— Менің аллергиям бар, — деп жапырак жұлуға жолай қоймаған.

— Жұмысы қын болғанмен табысы тәуір көрінеді, жүкшілерге баратын шығармын, — деп бір келді.

— Жүкшілік белді қоймайды екен, таразы басында жеңілдеу жұмыс бар дейді, соған аудысатын шығармын, — деп бір келді.

— Ой, таразы дегенің тұнып тұрған математика ғой... Есеп білетін адам журфакқа түссе ме? Одан да қыздармен бірге жіпке жапырақ тізетін болдым, — деп бір келді.

Кешкілік қарын тойған соң алқақотан отырып алып, әңгіме тиегін ағытамыз, көбіне ермегіміз — Базылбек.

— Қадыр ақынның творчествосын зерттеумен айналысып жүрмін. Тұбі бір кандидаттық қорғайтын шығармын, — деп шалқайды бірде.

— Базеке, мұның бір игі ниет екен, — деп қолпаштап қояды оның сырын алып қалған Бақыт деген қу. — Ал енді Қадырдың қандай-қандай кітаптары бар?

— Оның ана жылдары шықан үш кітабы қандай керемет. Содан алдыңғы жылы бір кітабы шықты, был да біреуі жарық көрді.

Ақыры Базекең өзі “зерттеп” жүрген ақынның кітаптарын да санап бере алмады. Сол оқиғадан кейін оны “Белинский” деп атап кеттік.

Базекең көңілденгенде Армияда жүрген кездерінен көп әңгіме айтатын.

— Мен өсіресе турникке тамаша тартылуышы едім, — дейді желпініп. — Қандай жарыс кезінде де турникке асылудан алдымға жан салмаймын. Полк командирінің риза болғаны соншалық көбіне жанына ертіп жүретін. Турникке тартыла алмай, тырбандал жатқан біреулерді көрсө дереу:

— Базик, мына шикі өкпелерге қалай істеу керек екендігін көрсетіп жіберші, — дейтін.

Біз бұл сөздерді тыңдалап отырғанда, “соншама дүлей күш қайда бұғып жатыр екен” деп, оның етсіз арық қолдарына таңдана көз тастайтынбыз.

Бірде жігіттер жатақхана жанына турник орнатып қойыпты. Әрине, Базылбектің көзінше оған жақындауға ешкімнің батылы бара қойған жоқ. Кешкілік бәріміз “Полк командирінің сүйіктісінің” ойынын көруге келдік. Адамдар “цирк артистері келіпті” дегеннен бетер жинальшты. Тіпті араларында басқа факультеттердің де жігіттері бар. Базекең көйлегін шешіп тастап, көк мәйкесімен тыртиып ортаға шықты. Сосын сахнадағы артистердей өзін қоршап тұрған-

дарға жағалай басын изеп, мезірет етті. Содан кейін де ұзын қолдарымен ауаны соққылап, дene қыздыру рөсімін жасады. Турниктің дәл түбіне келіп қолдарын айқастырып үзак тұрды.

— Апымай, бұлар штанга көтеретіндерден де жаман бәлденеді екен ғой, — деп Бакыт бір сөз қыстырып қалды.

— Оңай дейсің бе, бұған да көп күш керек. Өзін-өзі іштей даярлап жатыр да, — деп біреу ара тұсті.

— Ақыры “həp” деп көлденең бір темірге шап берді де, жіпке ілінген сұы сорғымаған салмақты киімдей бұлғақтаپ біраз тұрды. Сосын турниктің үстіне өуелі селдір шашы, сосын көзілдірігі, сосын үсті терлей бастаған танауы, сосын көкке шанышылған иегі көтерілді. Осы жағдай осыдан кейін де екі рет қайталанды. Сіңірдей созылған дene бұдан кейін біразға дейін сұлқ қалды. Бір кезде жібек құрты секілді иреленде-иреленде жоғары көтеріле бастады. Кенірдегін жұлышп кетердей болып созылған иегі турниктің білік теміріне жете алмай, бер жағынан оралды. Оның мүшкіл халін қөрген Қадыр деген жігіт:

— “Полктың мактандышы”, былай тұр, өбден қарайып-ак қалған екенсің, — деп бада құсап көтеріп алып, жерге қоя салды да, қолы турникке тиер-тиместен шыр айналғанда тіреу ағаштар шиқылдап сала берді.

Алматыға келген соң алғашқы кезде екеуміз де жатақхана ала алмай, қаланың шет жағында пәтер жалдал жаттық. Ақшасының қымбаттығы, орталықтан қашықтығы болмаса табиғаты тамаша-ак. Әсіресе күзде бабына келіп піскен алманың иісі мұрын жарады.

Бізге бағына зиян келтірмесін деуі керек, қожайыны-мыздың кемпірі күнде таңертең бір табақ алма әкеліп береді.

— Бүгін түнде алма үрлау керек, — деді Базекең ертеңгілік киініп жатып.

— Оның қажеті не, онсыз да жейтінімізді беріп жатырғой, — дедім мен бірден-ак қарсы болып.

— Бір жәшігін қой бағатын нағашыма салып жіберемін. Ол қолына тиісімен кемінде 100 сом салары сөзсіз, — деді ол алақаның ыскылап.

Келісім былай болды. Қаранғы түсісімен Базекең ең бір алмасы мол ағаштың басына шығып кетеді. Мен қожайындар жақта гитара тартып отыруым керек. Егер олар бақ

жакқа беттесе дереу “Ақбұлакты” айтып, белгі беруім қажет.

Басында бәрі де сәтті басталды. Үйдісі толғанмен көзі тоймайды-ау деймін Базекең қайтатын кезі болса да кешікті. Бір уақытта үй иесі жиналмалы жеңіл кереуетін сүйретіп, түп-тура Базылбек отырған ағашқа қарай бетtedі.

— Ау, күндіз-түні бір тынбай... — деп айғай салдым.

Шал білгендей дәл сол ағаштың түбіне кереуетін құрыш, радиоқабылдағышын тыңдауга кірісті. Бір кезде жанына кемпірі барып, екеуі қатар отыра қалып, ал өнгіме соқсын. Тіпті таң атқанша отыратын түрлері бар.

Мен гитарамды қашанғы даңғырата берейін, амал жоқ бөлмеме кеттім. Түннің бір мезгілінде тісі-тісіне тимей қалшылдаپ Базекең келді.

— Ой, жағың қарыскырлар, — дейді жалма-жан көрпеге оранып жатып. — Таң атқанша өнгіме айтып, жаңа ғана үйіктағанын қараши.

Ертесіне сабакқа келе жатқанымызда мені жеңімнен тартып тоқтатып алды. Маңызды бір нәрсе айтарда сөйтетін өдеті.

— Кеше куратор жиналыш болады деді ғой, бүгін комсорг сайлаймыз. Қазір біреуді біреу біліп жатқан жоқ, кімді айтарын білмей қаңтарылып отырып қалады. Сол кезде сен қол көтеріп мені ұсынып жібер. Өтіп кетсем өзімізге жақсы болады.

Табан астында ештеңе дей алмай қалдым. Ақыры сол өзінің айтқанындай жиналыш болды.

— Көне, комсоргқа кімді ұсынамыз? — куратордың дауысын естімегендей бәрі бір сәт үнсіз отырып қалды. Базекең менің аяғымды езгілеп өкетіп барады. Атып тұрып жындағы адамды ұсыну ыңғайсыз секілді. Сөйткенше біреу:

— Бақыт болсын, — дегені. Ойда жоқ жерден сол сайланды да кетті. Базекең “бұл ынжықтығым” үшін біразға дейін өкпеленқіреп жүрді.

Бірінші курстағы ең үлкен шаруалардың бірі — кітапханадан кітап алу. Біраз құжат толтыру керек, біраз қағаз түгендегендеу керек, бейнеті көп шаруа. Соны қарадай уайымдал жүргенімде тілеуінді бергір Базекең:

— Қайсар, сен орысшаға онша емессің ғой, қағаз толтырғанда қате жіберіп жүрерсің, кітаптарды мен-ақ жаздырып алайын, — дегені. Көктен тілегенімді жерден беріп мәз

болдым да қалдым. Ал ол маған көшеде кітаптарды арқалатып қойып, өзінің бос жүргеніне дән риза.

Обалы нешік, Базекең әлдекімдердегі мақала жаз десе қиналып жатпайды. Кейде тіпті орысша-қазақша екі тілде қатар жазып тастайтыны да бар. Бірде республикалық газеттің бірінен әдеби бірлестік жайлы шағын хабар шықты. Онда ауыз әдебиетінің оқытушысы Сағызбаевтың аты аталған. Сол кісінің сабағы болар алдында хабары шыққан газетті стол үстіне төсеп қойды. Асты арнайы қызыл қарындашпен сызылған оқытушының фамилиясы анадайдан-ак көзге туседі.

Сағызбаев отыра сала соған шұқшиды.

— Насыров деген кім өзі? — деді сосын көзілдірігін қолына алып:

— Мен едім, ағай, — деп Базекең орнынан көтерілді.

— Ой, аз-за-мат! Рақмет айналайын, тілің қалай жатық, — деп риза болып қалды. Сондағы “тілің жатық” деп тұрганы небары үш-ак сөйлемнен құралған хабар.

Сағызбаевтың сабағынан басқалар зачет ала алмай қиналып жатқанда Базекең күліп шықты.

— Не болды, алдың ба?

— Алдым.

— Қандай сұрак келді? — деп бәріміз жабыла тергеп жатырмыз.

— “Алпамыс батыр” жырындағы аттың сыны, — деді Базекең манғаздана.

— Сен не айттың?

— Не айтушы ем, Тайбурылды айттым.

— Ойбай-ау, Тайбурыл “Қобыланды батырда” емес пе?

Өзі де аңырып қалған Базекең “алдым ғой, әйтеуір”, деп ашуланып шыға жөнелді.

Бір күні мен киініп жатқанда:

— Редакция жаққа бармайсың ба? — деп сұрады.

— Иә, — деп едім, қуаныш кетті.

— Мынаны “Лениншіл жас” газетіндегі Тәліп Теміров деген жігітке бере салшы. Мен беріп жіберді дегейсің.

Қағаздарын сол күйінде айтқан адамның қолына тигіздім.

— Тоқтай тұр, жігітім, — деді, — Тәліп деген кісі. — Мынасы несі?

— Не болып қалыпты? — деп жанына жақындағым.

— Түк түсінсем бұйырмасын.

Ол маған қолжазбаның бірінші бетін ұсынды. “Азамат ажары” — очерктен үзінді” деп жазылыпты.

— Үзіндісі несі, қайдағы очерктен үзінді?

Мен “біле алмадым” дегендей иығымды көтердім.

Қолжазбасын қайтып әкеліп беріп, ағасының сөлемін айтқанымда:

— Очеркті түгел жазып шығуға ерініп, үзінді дей салып едім. Онда тұрған не бар екен, — деп өжептөуір кейіп қалды.

Екінші курста екеумізге де жатақхана тиіп, мәз болып қалдық. 54 а бөлменің екі тұрғыны бізбіз. Осы қуаныштың құрметіне сыраханадан бір-ақ шықтық. Сол жерде өйелі үл тапқан бір танысы кездесе қалып, соның да қуанышын бөлісіп үлгерген Базекең о бастан өлжуаздығы ма, біршама қызып та қалды.

— Кеттік ЖенПи-ге, — деді маған бұйыра сөйлеп. — Жол шығыны менен, такси ұста!

Іздеп барған адамы жоқ болған соң мен “кетелік” деп едім, Базекең “күте тұралық” деп бой бермеді. Сол екі ортада бір-екі қыздармен сөйлесе қалып, енді қозғалсайшы. Бірнеше рет жаңына жақындалап асықтырып көріп едім, қолын бір-ақ сілтеді. Қолында құрым мұқабалы блокнот, саусағын сулап алып, парагын аудара салады да бүркүлдатып жаза бастайды.

Аман-есен жатақханамызға да жетіп жығылдық-ау. Таңертеңгілік біреу иығымды ырғап өкетіп барады. Көзімді ашып қалсам — Базекең. Көзілдірік кимеген кезде көздері ұясынан шығып кететіндей болып көрінеді екен.

— Қайсар, ө Қайсар! Менің паспортымды кім шимайлап тастаған, білесің бе?

— Көне?

Қолыма алып қарасм сау қалған беті шамалы. Жазуға да үқсамайтын ирекпен біреу өбден былғап, толтырып шығыпты. Сол кезде оның тұндегі бүркүлдатып жазып жатқаны есіме түсті. Шамасы блокнот деп ұстап тұрғаны паспорты болса керек.

Базылбек неге екені белгісіз қыздармен не Монголиядан, не Қарақалпақстаннан келген қазақ болып танысады жақсы көреді. Бірде ойда жоқ жерде ауылдан Манаш келе

қалды. Мықтың білдей бір музейдің директоры көрінеді. Табан астынан мөре-сөре болдық та қалдық.

Бас қосқанымыздың құрметіне ресторанда демалыш отырғанбыз. Біз өнгіме қызығынан артылар емеспіз. Базекең арасында жоқ болып кетіп биге де араласып қайтады. Сондай бір кезекті сапардан мәндайы терлеп көнілді оралды.

— Ана бұрышта отырған үш қыз, екі жігітті көрдіндер ме? — деді ол көзінің қызымен нұсқап. — Солардың бір қызымен екі рет биледім. Монголиядан келген қазақ болып таныстым, өдемі қыз екен. Соны орнына дейін шығарып салсам анау қастарындағы жалбыр шаштысы өзінше сыйзданды. Ыза болып кетіп:

— Сыртқа шыққан соң сойлесерміз, — дедім де бұрыльш кетіп қалдым.

— Эй, Базекем-ай! Жүрген жерің қашанда ұрыс-керіс, қып-қызыл төбелес-ау. Әлі сол баяғы қалпың.

Манаш бізге қарап көзін қысып қойды да, сөзін жалғады.

— Дұрыс, ер жігіт екі сөйлемеуі керек. Сыртқа шыққан соң ол екеуін қызымен қоса қамап аламыз. Сосын жаны қысылған соң “жекпе-жек” деуі мүмкін. Неден қорқасың, шық десе шық. Женіліп бара жатсан жабыла кетпейміз бе.

Базекенде бұл өнгіме үнай қоймағанға үқсайды. Біраз үндемей отырды да мәндайын бір-ақ ұрды.

— Қап, ұмытып кете жаздағанымды қарашы...

— Не болып қалды? — десіп біз елең еттік.

— Сағат сегізде ауылға переговорға заказ берген екенмін ғой. Тіпті есімде жоқ, қазір бес-ақ минут қалыпты.

— Ойбай-ау, ана жігіттерді қайтеміз, сенсіз-ақ сабай берейік пе? — деп Бақыт та жармаса кетті.

— Таланы бар екен, бұл жолы аман кетті. Әлі талай кездеседі ғой, — деп Базекең кең адамның қалпына салып, кешірім жасаған түр танытты. Ол асыға басып шығып кеткен соң ал кеп күл...

Айта берсе Базекенің өнгімелері таусылmas. Аңқаулығында шек жоқ болатын. Жолдастары осы қасиеті үшін де құрметтейді.

Әдеттегідей сабактан соң бас почтаның алдында жиналып тұрмыз. Бір кезде жанымызға қолына хат ұстаған Базекең келіп қосылды. Жалма-жан конверттің шетін жыр-

тып, ішінен бір парапқа қағаз алып шығып, шүқшишп оқи бастады.

— Кой, құр ақыл айтқан хаттан не пайда, одан да аман-дықтарын білдіріп ақша салып жібермей ме? Кеттік, жайырак қол босаған соң оқырсын, — деп Бақыт асықтыра бастады.

Бәріміздің дүркіреп енді қозғала бергеніміз сол еді, кенет... Көзіміз бір аттамдай жерде жатқан он сомдыққа түсті. Бәріміз тілден айырылғандай мелшидік те қалдық. Жүгіріп барып алайық десек маңайымыз толған ағылып жатқан халық. Көріп қалса біреулері айғай салатын секілді. “Сен ал, мен алмен” біраз тұрып қалдық.

— Жарайды, алмасаң қараң қалсын, — дедім мен шыдай алмай. — Сол үшін енді кешке дейін тұрамыз ба?

— Ал мен сотталып кетсем, алмаған алашұнағымды сендер асырсындар!

Бақыт осыны айтты да, өтірік сүрініп кеткен болып, ақшаны жерден іліп алып, жүгіре жөнелді. Үріккен киіктей қаптап біздер соның соңынан дүркіреп ердік.

“Дұнған лапшасын” сататын кафеге келіп, бір жырғап қалдық.

— Япымай-ай, ақшаның иесі мандайын үршіп жүр-ау Ә?...

— Ол да өзіміздей жалаң аяқ біреу шығар.

— “Онда жазық жоқ, бізде азық жоқ”, — деп шуылда-сып отыр едік, ішіне ел қонған соң үйден келген хатты окуға кіріскең Базылбек ойбай салды. Біз бір жаманат хабар оқыды ма деп үрпиісп қалдық.

— “Ал, Базылбек қалқам, деді ол дауыстап оқып. — Ақшаны келер айда салармыз, қолға қарайды ғой деп мына он сомды хат арасына қыстырып жіберіп отырмын. Тым болмаса бір күн тамақ ішерсің”.

— Мана алмай кете жаздадық-ау тіпті...

— Сен емес пе хатты аяғына дейін оқытпаған.

— Жарайды, “бұйырған кетпейді” деген осы...

— “Кедейдің бір тойғаны шала байығаны” тағы бірдеме алып жейік.

Осылай гүжілдесіп отырып, кеш түсіп кеткенін де анғар-маптыз.

Жалпы Базекең сабакқа жаман бола қойған жоқ. Тек шет тілінен ғана шетқақпай көргені есімде. Өзі алғашқы кезде араб тіліне жазылған.

— Бұл тілді бір үйреніп алған соң, көзді тарс жұмыш тарихпен айналысамын ғой, өмірімнің тең жартысы шаң басқан архивтерде өтетін болады. Амал не, ғылым үшін бәріне де төзесің, — деп біраз желпініп жүрді.

Енді бір кездескенімде өуелгі екпіні басылып, ойынан айнып қалыпты.

— Құрысын, жазуына дейін теріс бағып қалған бір пәле, әріптері де тышқанның ізіндей, — деп жамандап отыр.

Содан ағылшын тіліне барды.

— Ағылшын тілін білдім дегенше дүние жүзінің тілін білдім де. Батыста кез келген елге бара қалып: “Ду ю спик ингліш?”

— десем, бәрі де: “Иес” деп құшақтай құлайды, — деген мақтаның да естідік. Көп үзамай одан да еншісін алыпты.

— Жазылуы мен айтылуының арасы жер мен көктей бір пәле. Алты әріп тұрса, соның үшеуі ғана оқылады, бұл не деген сүмдүк. Батысқа бармай-ақ қойдым, ағылшынша білмей-ақ қойдым...

Ақыры жүріп-жүріп, неміс тіліне келіп табан тіреді. Одан басқа баратын да жері жоқ еді, француз, қытай тілі дегенді бізде оқытпайды. Шет тілінен мемлекеттік емтиханға жібермей қойып, біраз қиналды. Ақыры бір жуан үш алып, Нобель сыйлығын алғаннан бетер той жасады.

Айтпақшы өлті бірінші курста жаздырып алатын көп кітап кейін Базекене пәле болыш жабысты.

— Бұл кітап КазМУ-де бір адамда болса, сенде болады. Қалғандардан кім окудың, білімнің қадіріне жетуші еді, — деп келгендерге үлестіре-үлестіре көп кітап “ұстаганның қолында, тістегеннің аузында” кетеді. Ал бесінші курсы бітіргенде ол кітаптарды басынан түртіп түгендереп бермесең дипломды қолға ұстатпайтын заң бар екен. Және де өсімімен ақшасын да алмайды.

Сонда Базекен қарызымнан құтыламын деп Алматыда қалды да, біз қарайлай-қарайлай ауылға қайтқанбыз.

Бәкеш

Есік қағылды. Қалың ой құшағында жатқан мен еріксіз селк ете қалдым.

Студенттердің бірі екен, маған төсек-орын өкеліпті. Ракметімді айтып алып қалдым да, бір сөт балконға шықтым. Біздің балконның бір кереметі тұра Алатауға қарай-

ды. Оның көзге оттай басылған көркінің өзі көңілімді сергітіп жібергендей.

— Алатауды көріп тұрып, ұсақ-түйек ойлар ойлау — қылмыс.

Бұл Бақыттың балконға шыққанда айтатын сүйікті сөздері. Бірде кешкі тамақ ішуге ақша таба алмай, балконда иіріліп отырғанбыз. Бақыт орнынан атып тұрды да:

— Шіркін, күріші жоқ жалаңаш котлет болар ма еді, жемей-ақ қойсан, тек шанышқыға шаншып алып, олай-былай сүйретіп отырсаң, — деді.

— Алатауды көріп тұрып ұсақ-түйек ойлар ойлауга болмайды, — деп күлдім мен оның өз сөзін еске салып.

Сол-ақ екен Бақыт жерге бір-ақ түкірді.

— Е, қалқам, “ораза, намаз тоқтықта” деген, ол қарын тоқ кезде айтылған сұлу сөздер ғой. Қарның қатты ашқанда Алатау да Қаратая болып көрінеді екен...

Сабазың тұк ойланбай-ақ тауып сөйлейтін.

Бөлмеге қайта кірген соң сол жақта тұрған кереуетке келіп отырдым. Бұл біздің Бәкеш “өулиенің” төсегі болатын...

— Еңбек Қызыл Ту орденді Сергей Миронович Киров атындағы Қазақтың мемлекеттік университетінің журналистика факультетіне жақындаған қабылданған студенттер, кешегі абитуриенттер осы жерде жұмыс істеп жатыр ма? — деп сұрады біреу.

Мен бұрылып қарасам, дембелше келген, шашын маңдайдан қиған қара сұр жігіт тұр екен. Жаңағы соншама шүбалтқанына орай қалжындал тұр ма деп бетіне тесіле қарап едім, жүзі сап-салмақты, шыны секілді.

— Не дейсің? — дедім әдейі естімеген тұр танытып.

— Еңбек Қызыл Ту орденді Сергей Миронович Киров атындағы... — деп қайтадан шұбырта жөнелді.

— Эй, жарапазаншы! — дедім ызалана бастап. — Той-дырдың өбден. Сен немене, бізді тексеруге келдің бе?

— Жоға-а, — деді ол қысыла күлімсіреп. — Мен де осында окуға қабылданғанмын, ауылдан арман қуып келген көп жастың бірімін, — деді.

— Арман қуып келген жас, біз мұнда жер қазып жатырмыз. Жұмыс киімінді неге кимегенсің?

— Осы үстімдегі жұмыс киімім.

Мен сенбегендей тағы да көз тастадым. Қарапайымдау болғанымен мұқият өтектелген қоңыр көйлек, қоңыр шалбардың қыры пышақтай.

— Саған немене, біреу шалбарыңа қыр салып келмесең күшп жібереміз деді ме?

— Жоға... Бірак қыздар да бар шығар?

“Дәмесінің зорын қара” дедім іштей оның келмей жатып қыздан ойы барын аңғарып.

— Ал жарайды, атың кім?

— Бәкеш Қамалбаев.

Мен Бәкеш “әулиемен” осылай таныстым. Бізді конкурстың қорытындысын хабарласымен шеткі микроаудандардың біріне жер қазу жұмысына салып қойған. Бәкеш обалы нешік, жұмысқа ынғайлы болып шықты, сөйтсек окуға түсे алмай бірер жыл құрылышта істеген екен.

Базылбек екеумізге жатақханадан орын тиіп, көніліміз бір жайланған. Төсек -орнымызды арқалап, комендант айтқан 54 а бөлмені бетке алып келеміз. Есікті қағып едік:

— Иә, кіріндер, — деген қатқыл дауыс естілді. Жасқана басып ішке енсек, кекілі жалбыраған Бәкеш столда өлдене шимайлап отыр екен. Амандықтан соң:

— Дұрыс болды, бүгін сен кезекші боласың, — деді маған басы жок, аяғы жок. Сөйтсем ол бөлмедегі кезекшілердің тізімін жасап отыр екен.

— Жатақханасыз студент баспанасыз жанмен тең, — деді ол бізге арнап. — Жатақханаң жок болса, жетім бала секілдісін. Эркіннің қабағына бір қарап, жасқаншақ болып бітесің.

Базылбек оған бірдене айтайын деп аузын аша беріп еді, мен “ұнсіз тыңдай бер” деп ымдадым.

Біздің үйіп тыңдалап отырғанымызға риза болған Бәкеш таза шабыттанып кетті:

— Биыл Алматыда қар жок, — деді ол. — Бұл жақсылық емес. Жазда жаңбыр қандай қажет болса, қыста да қар сондай керек. Міне тыңдандар!

Ол алдында жатқан тағы бір қағазды алып судыратып оқи бастады.

— Қарсыз қыс жесір өйел секілді. Қарсыз қыс өшекейсіз шырша секілді. Биыл Алматы қар көрмей қамығып тұр. Анда-санда сіркіреп жауын жауғандай болады. Қалай?

Ол бізге масаттана қарады.

— Бұл не? — дестік біз түкке түсінбей.

— Хат, — деді ол өкпелеген тұрмен. — Шалға жазып жатқан хатым ғой.

Мен сенбей конвертін қолыма алып көрдім, бәрі рас. Біздің көзімізше аузын желімдеп, қалтасына салып қойды.

— Сен кіл сөйтесің бе? — деді Базылбек жасқана сөйлеп.

— Нені айтасың?

— Хатты айтамын, кіл осылай жазасың ба?

— Эрине, көп адам хат жазуға жете мән бере бермейді.

Бәкеш табан астында байсалды бола қалып, ерсілі-қарсылы жүре бастады.

— Ал хат деген көркем шығарманың бір түрі болуы керек. Кейін бәленбай жыл өткеннен кейін келер үрпақ өкілінің қолына түскенде олар қызыға оқитын болады. Эйтпесе не мене, — “мен де аман, сен де аман...” Анада мен шалға хат жазғанда өлеңмен бастадым, қалай еді, Ә...

*От ала қашқым келеді,
Алатайдың іргесін
Қопара қашқым келеді...*

Балалар Бәкең туралы толып жатқан құлдіргі өнгімелер айтып жүретін еді. Енді соған өзіміздің талай куә болатынымызға көзім анық жетті.

Көбіне бір бөлмедегі үшеуміз қатар жүреміз де, Бәкеш сырғақтап көп қосыла қоймайтын. Таңертең киінісімен:

— Мен СМУ-дағы жолдастарыма барып келейін, — деп шығып бара жататын.

— Осы Бәкең неге СМУ-дан шықпайды, — деп сұраймыз басқалардан.

— Жұмыс істейтін жігіттер бізге қарағанда ақшалылау болады ғой, содан шығар, — деп қоя салады бәрі де.

Студент деген халық айына бір-ақ күн бай болады. Ол — стипендия алған күні. Сол күні бір тоя тамақ ішеді де, қалған ақшасының бәрін қарыздарына беріп, бір-ақ тыншиды. Сондықтан да таза тесік қалта болып, жерге қарап отырып қалу жиі кездеседі. Сондай кезде Бәкең:

— Мен СМУ-ға кеттім, — деп шыға жөнеледі.

Оралып келген соң:

— Ой, біздің жігіттер азамат қой, мені асханаға алыш барып, тамақтың бүкіл түрін алыш: “студентсің ғой енді, тойып ішіп ал, десіл”, — деп тамсанып отырады.

Біз де күнде барғанда тамаққа тойдырып жіберетін жолдастарына риза болыш жүрдік. Бір күні ертеңгісін біреу есік қағады.

— Бекеш жоқ па екен? — деді ішке кірген ұзын бойлы жігіт.

— Жаңа ғана “СМУ-ға барамын” деп кеткен, — дестік бірауыздан.

— Қап жолыға алмай қалар ма екенбіз, көптен көріспеген едік, — деп қиналды бейтаныс.

— Ал сіз қайдан келдіңіз?

— Мен сол СМУ-да жұмыс істеймін.

— Ойбай-ау, Бекең күнде сол сендерге барып келдім дейді ғой, — деді Базылбек шыдай алмай.

— Ол бізге келмегелі екі-үш айдай болған шығар. Бұрын бірге жұмыс істегенбіз, — деді өзін Аскармын деп таныстырған жігіт.

Түске таман белгілі “өлеңін” айтып Бекең де оралды.

— Ой, жігіттер молодец қой... Асханаға барып...

— Аскар да бірге болды ма? — дедім мен елеусіздеу ғана.

— А, болды ғой, сол кеше ақша алған екен, ой соны шашып онды-солды...

Біз жымышп, үнсіз қалдық. Бекең бір нәрсені бүлдіріп алғанын сезді де, кітапхананы сылтау етіп шыға жөнелді.

Бекеш жалпы ақша тақырыбына өнгіме қозғалғанда өте сақ еді. Мысалы:

— Беке, ақша бар ма? — десен?

— Сенде ше? — дейді жұлып алғандай.

— Жоқ қой, бар болса сұраймын ба, — десен:

— Менде де жоқ, қайдағы қанғыш жүрген ақша, — дейді күрсініп.

— Беке, сен стипендия аласың ба? — десен:

— Сен ше? — дейді.

— Жоқ...

— Еңдеше. мен де алмаймын...

Көбінесе біз оған мұндаиды сұрактарды қызық үшін қоямыз. Сабазың жауабынан бір жаңылмайды-ау.